

Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы
Қашаған Құржыманұлы атындағы №8 орта мектеп
Шығарма немесе электронды кітапша үшін жеке бет

«Менің «Менімді» ашу әліппесі

Орындаған: 8 «А» сынып оқушысы Аманқосова Жаңыл. 01.cinderella@mail.ru

Байланыс телефондары: 87711097555, 87758421951

Жетекшісі: №8 орта мектептің тарих пәні мұғалімі Оксикбаева Гулнара
Дуйсеновна

01.03.2016жыл

«Менің «Менімді» ашу әліппесі

Мен есімім Жаңыл. Маңғыстау облысындағы Жаңаөзен атты кішігірім қалашықтың тұрғынымын. Талай шәкіртті ұясынан ұшырған киелі білім ордасы Қашаған мектебінің сегізінші сынып оқушысымын. Биология, география, тарих, ағылшын тілі сынды пәндерді сүйіп оқимын. «Біз сусындатқан білім нәріміз – ертеңгі күні өздеріңді асырайтын қоректеріңіз» деп ұстаздарымыз айтпақшы, сол кісілердің үйреткендерін ұғынып, айтқандарын санамызға сіңіріп болашақтың қамын ойлаған жәйіміз бар.

Бүкіл дүние жүзін жаңа технологияларымен таң қалдырған «Apple» өнімін өндіруші Стив Джобсты да, поп королі атанған Майкл Джексонді де, күні кеше ғарыш айлағын өз көзімен көріп келген біздің Айдын Айымбетовті де, кеше ғана дүйім жұрттың алдында топ жарған, әні мен сәні келіскен Жанар Дугалованы да мен секілді жасөспірім шағында «кім болам?» деген сұрақ мазалаған шығар. Осы сұрақтың жауабын қазіргі шақта менің құрдастарымның көпшілігі іздеп жүр. Бірі «ел басқаратын президент» болуды, енді бірі «бір мекеменің басшысы» болуды, біреулері «жеке кәсіп иесі боламын» деп неше түрлі ойдың арасында жүр. Әрине, мамандықтың жаманы бар ма, бәрі жақсы. Тек өз салаңның басты тетігін баса білетін шебер болуың қажет. «Мамандығын адаспай тапқан – тіршілігінде жақсы күй кешеді» деп ылғи анам айтып отырады. Мен де кей сәтте қиялға беріліп өзімді былайша елестетемін: «Үстімде мұнтаздай таза аппақ халат, басымда тіктеліп қырланған колпак, қолымда жүрек қағысын тындағыш құрал. Жайлы, жарық бөлмеде кішкене бөбектің кеудесіне құралымды тосып жіберіп, жүрек қағысын, өкпе тынысын естіп, «сіздің сәбиіңіздің дені сау» деп отырған Жаңылды көремін». Сезіп қойған боларсыздар. Иә, мен мейірімді мейірбике болғым келеді. Әрбір отбасының байлығымен теңескен балалардың денсаулығына жауап беретін балалар дәрігері болуды армандаймын. Сезімтал сәбилердің қамқоршысына айналып, оларға шын жүрегіммен мейірімді аямай төккім келеді. Мемлекет байлығы – адам болса, оның ішінде балалардың орны ерекше. Әлемдегі әрбір баланың дені сау, білімді, тәрбиелі болуы шарт. Қазіргі таңда планетамызда қаншама науқас балалар бар. Көптеген аурулар өршуде. Қаншама жан дертіне дауа табалмай көз жұмуда. Ал мен сол жандардың ең құрығанда бір пайызына болса да өз көмегімді тигізгім келеді. Тауы шағылып, еңсесі құлаған әрбір баланың кеудесіне үміт отын ұялатып, өмір сүруге құштарлығын оятқым келеді. Көңіліне қайтадан қанат бітіріп, жабырқау жанға рухани қолдау көрсеткім келеді. Бөбектердің көздеріне жарық сәуле сыйлағым келеді. Әлемдегі әрбір сәби жаңа үміттің, үлкен сенімнің иесі. Олардың

әрқайсысының алдында әке мен ананың үміті, елінің сенімі тұр. Сондықтан әрбір бала жүрек өз кеудесінде дамылдауы тиіс. Әрбір сәбидің денсаулығы мықты болып, қалағанынша білім алып, белгілі бір салаға бейімделіп, өз ойындағындай өмір сүруге құқылы. Сол себепті, олар дені сау, оқуда озат, бәсекеге қабілетті болып қалыптасуы қажет. Осындай келешектің куәгері болу үшін маған міндеттелетін білімнің салмағы да, артылатан жауапкершіліктің жүгі де ауыр. Мен өз арманымның ақиқатқа айналғанын қалаймын. Ол үшін ізденуден де, оқып-үйренуден де шаршамаймын. Сол шаққа жету үшін менің алдымда қаншама белес, қаншама кезең тұрғанын да білемін. Бірақ, мен қайтпаймын. Алла қаласа, ол күнге де жетерміз, менің арманым да орындалар! Мен балалар дәрігері болуды армандаймын!

Жаңыл АМАНҚОСОВА